

Есіл ауылдық округіндегі көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Есіл ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 11 наурыздағы № 1-ш шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 наурызда № 5232 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының қортындысы негізінде, Есіл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Осакаров ауданы Есіл ауылдық округіндегі Колхозное ауылының көшелері келесідей:

- 1) Трактористов көшесі Сарыарқа көшесіне;
- 2) Ленина көшесі Қазақстан көшесіне;
- 3) Красноармейская көшесі Астана көшесіне;
- 4) Октябрьская көшесі Бастау көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Е. Сандалиди